ТӘУЕЛСІЗДІК – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ!

№148
(4892)
Сейсенбі
16 желтоқсан
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті Астана қаласының тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтаймын! Бұл – егемендік жылдарында атқарылған ауқымды істерді еске салып қана қоймай, алда тұрған маңызды міндеттерді де айқындайтын айрықша күн. Тәуелсіздік – халқымыз үшін ең қастерлі құндылық, ең ұлы жетістік.

Бүгінгі Астана – ортақ еңбектің, бірлескен күш-жігер мен дамуға деген ұмтылыстың нәтижесі. Біз қаламызды бірге көркейтіп, оны жайлы, қолайлы әрі заман талабына сай етіп өзгертіп келеміз. Елорданың дамуына өз үлесін қосып жүрген әрбір азаматқа шынайы алғысымды білдіремін. Сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, сарқылмас күш-қуат, толағай табыс тілеймін!


Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

КӨПШІЛІК КЕЛЕШЕККЕ СЕНІМДІ

Ұлттық талдау орталығы 2025 жылдың қорытындысын шығару аясында Қазақстанның барлық өңірін қамтыған жалпыұлттық әлеуметтік сауалнама жүргізді.

Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың 71 пайызы елдің дұрыс бағытта дамып келе жатқанына сенімді екенін жеткізген. Сондай-ақ респонденттердің 77 пайызы Президенттің қызметін қолдайтынын білдірген. Қолдаудың осындай жоғары деңгейі Мемлекет басшысының ел дамуының дұрыс бағытын айқындайтын көшбасшы ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Респонденттерге ағымдағы жылдың ең жарқын әрі жағымды оқиғаларын атау ұсынылғанда, ең көп аталғандары мыналар болды: «Қайрат» – «Реал Мадрид» арасындағы тарихи матч және спортшыларымыздың өзге де жетістіктері, әлемдік жұлдыздардың концерттері және түрлі мерейтойлық шараларды атап өту (Абайдың 180 жылдығы, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Конституцияның 30 жылдығы және басқалары), жаңа мектептер мен ауруханалардың ашылуы, инфрақұрылымды жақсарту (жолдар, қалалық абаттандыру және т. б.), жасанды интеллект саласындағы ірі жетістіктер, Президенттің халықаралық деңгейдегі кездесулері (Дональд Трамп, Си Цзиньпин және т. б.).

ЕЛОРДАДА ГАЗДАНДЫРУ ҚАРҚЫНДЫ



Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2025 жылғы газ саласындағы жұмыстың қорытындысын жариялады.

Биыл елімізде ауқымды геологиялық барлау жұмысы жүргізіліп, жаңа қуат іске қосылды. Халықты газдандыру бағытында табиғи газбен қамту деңгейі 64,2 пайызға жетті. 2025 жылы мемлекет тарапынан 112 миллиард теңгеден астам инвестицияның арқасында 95 елді мекенде 350 мың адам газға қосылды. Жұмыстардың географиясы Қазақстанның көптеген өңірін қамтыды. Соның ішінде Астанада газдандыру жұмысы қарқынды жүргізілді. Атап айтқанда, елордадағы ірі тұрғын алаптар газға қосылып, жалпы газдандыру деңгейі 97 пайызға жуықтады. Жыл соңына дейін Үркер шағын ауданында газдандыру аяқталады деп күтілуде.



ЕГЕМЕНДІК – ҰЛТ БАҚЫТЫ

4-БЕТ |



НАҚТЫ ӨЗГЕРІСТЕР ДЕП НЕНІ САНАЙДЫ?

5-БЕТ |



ЕМДЕЛУГЕ АСТАНАНЫ НЕГЕ ТАҢДАЙДЫ?

7-БЕТ |

ҮЗДІК ЕМХАНА АНЫҚТАЛДЫ

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-тың астаналық филиалы «Бастапқы медициналық-санитариялық көмектің көшбасшысы» атты жыл сайынғы байқаудың қорытындысын шығарып, ең үлгілі емханалар анықталды.



Төрт ай бойы Астанадағы алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін 42 ұйым бірқатар негізгі көрсеткіш бойынша өзара бәсекеге түсіп, кәсібилігін, жұмыс тиімділігін және пациенттерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға ұмтылысын көрсетті. Медицина ұйымдарының қызметі бес негізгі индикатор бойынша бағаланды. Кешенді бағалау нәтижесі бойынша бірінші орын Астана қалалық №4 емханаға, екінші орын «Шипагер» отбасы денсаулығы орталығы» ЖШС-ке, үшінші орын қалалық №7 емханаға берілді.

№148 (4892) 16/12/2025 Сейсенбі



ПРЕЗИДЕНТ ЖАПОНИЯҒА БАРАДЫ

18-20 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Жапонияға барады. Бұл туралы Ақорданың Telegram-арнасы хабарлады. Сапар аясында Император Нарухитомен, Премьер-министр Санаэ Такаичимен, сондай-ақ Жапонияның іскерлік орта өкілдерімен кездесу жоспарланған. Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті «Орталық Азия – Жапония» саммитіне қатысады.

ЕЛІМІЗДЕ 800 ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалық етуімен инфляцияны тұрақтандыру жөніндегі кезекті кеңесте негізгі азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар бағасына қатысты жағдай талқыланды.

Қараша айында қазанмен салыстырғанда азық-түлік емес тауарлар бағасының өсімі 0,9%-ға дейін баяулады, ал азық-түлік өнімдерінің бағасы өткен ай деңгейінде (1%) сақталды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына арналған баға индексі соңғы төрт апта бойы өзгеріссіз қалып отыр. Серік Жұманғарин жылыжай көкөністерінің, әсіресе қияр мен қызанақтың маусымдық қымбаттауын ескере отырып, шекарадағы өткізу бекеттерінде түрікмен көкөністеріне шұғыл түрде «жасыл дәліз» ұйымдастыруды тапсырды. Мұндай іс-қимыл әсіресе жылыжай өндірісі жеткіліксіз аймақтарды қолжетімді бағадағы көкөністермен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында, 22-31 желтоқсан аралығында еліміздегі супермаркеттерде «Bereke fest» акциясы басталады. Акция аясында фермерлерден тікелей жеткізілген әлеуметтік маңызы бар тауарлар төмендетілген бағамен сатылады. Сонымен қатар өңірлерде ауыл шаруашылығы және жаңа жылдық жәрмеңкелердің саны артады: желтоқсан айында еліміздің барлық өңірінде 800-ден астам жәрмеңке өтпек. Тек өткен аптада 149 жәрмеңке ұйымдастырылды. Сауда комитетіне шалғай аудандарға, оның ішінде Маңғыстау, Ұлытау облыстарына тауар жеткізу бойынша көмек көрсету тапсырылды.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру тетіктері бойынша қолданыстағы ережелерге толықтырулар енгізу жұмыстары туралы баяндады.

Өзгерістер онлайн мониторинг жүйесін орнатуды міндеттейді. Қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ Қызылордада 3 мың шаршы метрлік қоймада пилоттық жобаны жүзеге асырып жатыр. Келесі жылы барлық әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар қоймалары осындай жүйелермен жабдықталып, бұл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары қорының болуына, сақтау жағдайы мен сапасын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Өзгерістер жақын арада күшіне енеді.



КІМДЕРГЕ НЕСИЕ БЕРІЛМЕЙДІ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің дерегінше, қазақстандықтардың 10 пайызы – несиені азық-түлік сатып алуға, 10 пайызы – баспанасын жөндеуге, 20 пайызы ұзақ мерзімді тұтыну тауарларын сатып алуға жұмсайды.

Бірақ сол қарызды алып, қайтара алмай жүргендердің де саны аз емес. Берешегі 90 күннен асқан борышкерлердің тізімі 2 млн-ға жеткен. Қарыз көлемі 1,5 трлн теңгеден асады. Бұл – ресми дерек. Бұдан былай қарызын өтемеген азаматтарға банк тарапынан жаңа несие мүлдем берілмейді. Сондай-ақ банктер несие берер алдында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасын төлемейтіндердің тізімін де ескереді. Егер клиенттің МӘМС бойынша берешегі болса, онда ол азаматтың несие тарихы нашар деп бағаланады.

ЖАСТАР РЕФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Астанада Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Жиында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы әзірлеген жыл сайынғы «Қазақстан жастары-2025» ұлттық баяндамасының жобасы таныстырылды.

Құжатта жастар арасындағы осы жылдың негізгі трендтері жүйеленген және әр жылдың динамикасы көрсетілген. Ондағы деректер жастар саясатындағы және жалпы мемлекеттік саясаттағы шешімдерді әзірлеуге негіз болады. Баяндамада саладағы өзекті мәселелермен қатар, түрлі бағыттағы оң динамикалар да көрініс тапқан. Мәселен, мектептегі білімге көңілі толатындардың үлесі 86 пайызға тең. Кейінгі бес жылда кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарындағы студенттер саны 1,5 есе өскен, ал докторанттар саны 1,6 есе ұлғайған.

Елімізде жастардың азаматтық белсенділігі жоғары деңгейде қалыптасып отыр. Бұл бірінші кезекте волонтерлік салада байқалады. Жастардың 41 пайыздан астамы еріктілер санатына қосылуды қоғамдық өмірге араласудың бірден-бір маңызды жолы деп санайды. Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты жүргізген әлеуметтік зерттеудің деректеріне сүйенсек, әлеуметтік оптимизм дәл осы жастар арасында жоғары. Олардың 85,5 пайызы елімізде жүзеге асып жатқан реформаларды қолдайды әрі Қазақстанның дұрыс бағытта екеніне сенімді.

Жиында кеңестің 2025 жылғы қызметі қорытындыланды. Ерлан Қарин «Заң және тәртіп», «Еңбек адамы» бастамалары аясындағы жобаларға тоқталды.

«Кеңес мүшелері тарапынан 2026-2028 жылдарға арналған Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспарға маңызды әрі салмақты ұсыныстар берілді. Сондай-ақ олар жұмысшы мамандықтардың мәртебесін және жұмыспен қамту деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар жобаға бастамашы болды» деді Мемлекеттік кеңесші.

Өз кезегінде кеңес мүшелері жастар саясатының негізгі жұмыс бағыттары жөнінде ой-пікірін ортаға салды. Ерлан Қарин кеңес алдағы уақытта саладағы маңызды бағыттарды өзектендіріп, жаңа бастамаларға ұйытқы боларына сенім білдірді.



АҚЫЛЫ ЖОЛДА ТӨЛЕМ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Көлік министрлігі ақылы тасжолдардағы төлем жасау тәртібіне қатысты ережелерді жаңартуға кірісті. Жаңартылған тәсілдер жүргізушілерге төлемді уақытылы жүзеге асыру үшін қосымша уақыт пен мүмкіндіктер ұсынып, төлем жасау үдерісін барынша ыңғайлы әрі түсінікті етуді көздейді.

«Қолданыстағы нормаға сәйкес, егер жүргізуші жолақысын жеті күнтізбелік күн ішінде төлемесе, сегізінші күні материалдар ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне сәйкес белгіленген тәртіппен көлік бақылау органдарына жолданады. Алдағы уақытта жеңіл әрі ыңғайлы механизм енгізіледі: егер жеке тұлға жолақысын пайдаланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде төлем жасамаса, материалдар отыз бірінші күні ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне сәйкес көлік бақылау органдарына жолданады. Бұған қоса, бұрынғы тәртіпте жеке және заңды тұлғаларға бөлек талаптар қарастырылмаған болса, енді заңды тұлғалар үшін жеке механизм енгізіледі. Жаңа нормаға сәйкес, егер заңды тұлға есептік кезеңнен кейінгі айдың 20-сына дейін төлем жасамаса, материалдар келесі күні көлік бақылау органдарына жолданады» деп түсіндірді ведомство өкілдері.

Ұсынылып отырған өзгерістер жүргізушілерге төлем жасау үдерісін ыңғайлы етуге, төлем мерзімін ұлғайтуға және объективті себептерге байланысты төлем жасалмаған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылу қаупін азайтуға бағытталған.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ – ЖАУАПТЫ ЖҰМЫС

Үкіметтің 2025 жылғы жұмысының қорытындысы бойынша Astana Hub-та өткен баспасөз конференциясында Энергетика министрі Ерлан Аққенженов жылыту маусымын өткізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтты.

Есепті кезеңде энергетика саласында ең маңызды нәтижелерге қол жеткізілді – инфрақұрылымның ұзақ жылдар бойы созылған тозуы тоқтап, активтерді ауқымды жаңарту циклі іске қосылды. «Тарифті инвестицияға айырбастау» қағидаты енгеннен кейін электр стансаларын жөндеу жұмысына салынған капиталдық инвестициялар 20%-ға артты, бұл енгізілген принциптің тиімділігін көрсетеді. Ұзақ жылдан бері алғаш рет ел бойынша ЖЭО (жылу электр орталықтары) жабдықтарының жалпы тозуы азайып, көрсеткіш 61%-ға жетті. Жоспарланған барлық жөндеу жұмысын орындау Кентау, Риддер және Екібастұз стансалары секілді барлығы 9 энергетикалық нысанды тәуекел аймағынан шығаруға мүмкіндік берді. 323 шақырымдық жылу желілерін қайта жаңғырту нәтижесінде тұтынушыларға тұрақты жылу жеткізу қамтамасыз етіліп, инфрақұрылымның тозуы 52%-ға төмендеді. Жылу желілеріндегі апаттық жағдайлар саны 25%-ға кеміді.

ҚОЛӨНЕРШІЛЕР КЕРУЕНІ

Тәуелсіздік күніне орай елордадағы Astana Mall сауда, ойын-сауық орталығында «Ұлы дала қолөнершілер керуен көші» республикалық жәрмеңкесі өтті. Ұлттық құндылықтарды ұлықтауды мақсат еткен ауқымды шараға Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген шеберлер қатысып, өз қолымен жасаған бірегей бұйымдарын көпшілік назарына ұсынды.

Шапағат ӘБДІР



Жәрмеңкеде түйе мен қой жүнінен, киізден, былғарыдан, ағаш пен табиғи тастардан дайындалған сан алуан қолөнер туындысы қойылды. Көздің жауын алатын қолдан тігілген сөмкелер, ұлттық нақыштағы қолға тағатын әшекей бұйымдар, алқа-сырға, білезіктер, сондай-ақ жүннен тоқылған шәлілер, бас киімдер, шұлықтар мен кәдесый заттар келушілердің ерекше қызығушылығын тудырды. Әр бұйымнан қазақтың дәстүрлі дүниетанымы, көшпелі мәдениетінің ізі, шебердің қолтаңбасы мен ыждаһатты еңбегі айқын байқалды. Ұйымдастырушылар «Ұлы дала қолөнершілер керуен көші» жәрмеңкесі отандық қолөнерді насихаттап қана қоймай, ұлттық мұраны жаңғыртуға, шеберлердің тәжірибе алмасуына және қазақстандықтардың төл мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға зор үлес қосатынын айтады.

– Мұнда Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Тараз секілді өңірлерден келген 100-ге жуық қолөнерші өз бұйымдарын көпшілік назарына ұсынып отыр. Басты мақсатымыз – отандық қолөнершілердің басын қосу, олардың төл туындыларын кеңінен таныстыру, ұлттық өнердің дамуына серпін беру. Алдағы уақытта мұндай жәрмеңкелерді арнайы белгіленген тұрақты орындарда өткізу мүмкіндігі қарастырылса деген ұсынысымыз бар. Мәселен, Ұлттық музей сынды мәдени нысандарда қолөнершілерге арналған арнайы сөрелер бөлінсе, бұл салаға үлкен қолдау болар еді. Айта кету керек, бастама алғаш рет қолға алынып отырған жоқ. Біз қолөнерді дамыту, шеберлерді қолдау бағытында соңғы 5 жыл бойы жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеміз. Сонымен қатар енді 7 шілде қолөнершілер қауымдастығының арнайы күні ретінде аталып өтеді. Сондықтан алдағы уақытта қолөнерге арналған тұрақты көрме алаңдары мен арнайы сөрелер ашылса, ұлттық өнердің өрісі одан әрі кеңейе түсер еді, – деді ҚР «Хас шебер» отандық өнімді дамыту қауымдастығының президенті Зиуар Жұманова.

Аталған қолөнер жәрмеңкесі аясында іс-шараға белсенді қатысқан қолөнершілерге арнайы сертификаттар табысталып, құрмет көрсетілді.

ҚОСАЛҚЫ СТАНЦИЯ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бас қалада маңызды энергетика инфрақұрылымы нысандарының бірі – «Арай» қосалқы станциясының құрылысы толық аяқталды. Жаңа нысан ондаған мың әлеуметтік маңызы бар объектіні үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етуге арналған.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Қалада электр желілерінің тозуын азайту мақсатында жыл сайын тарату пункттері мен трансформаторлық қосалқы станцияларға күрделі жөндеу және жаңғырту жұмысы жүргізіледі. Биыл пайдалануға берілген «Арай» қосалқы станциясы 110/20 кВ кернеулі екі қуатты күштік трансформатормен жабдықталған. Нысанның жалпы қуаты – 80 МВА. Жоба аясында ұзындығы 11,16 шақырымды құрайтын 110 кВ кернеулі кабельдік электр беру желісі тартылды. Нысанның іске қосылу рәсіміне ҚР Энергетика министрлігінің, қалалық энергоқадағалау қызметінің, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің және Нұра ауданы әкімдігінің өкілдері қатысты. Елорданың Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, жобаны іске асыру нәтижесінде жаңа тұрғын алаптарда тұратын шамамен 80 мың тұрғын сапалы әрі тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар мектептер, балабақшалар мен медицина мекемелері сынды әлеуметтік нысандардың энергиямен қамтылуы жақсарады.

«Арай» қосалқы станциясы – елорданың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі стратегиялық маңызы бар нысан. Ол белсенді түрде дамып жатқан ауданға жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік инфрақұрылымды қосуға негіз болады. Бұл энерготорап – Астананың батыс бөлігінің дамуына серпін беріп, жайлы қалалық ортаны қалыптастыру жолындағы маңызды қадам» дейді Астана қаласы Энергетика басқармасы басшысының орынбасары Әнуарбек Исенәлиев.

Айта кетейік, 2026 жылы 110/10 кВ кернеулі «Самал» қосалқы станциясын пайдалануға беру жоспарланып отыр.

ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ РУХЫ

Мереке қарсаңында Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №10 көпшілік кітапханасы мен №42 жалпы орта білім беретін мектептің ұйымдастыруымен «Желтоқсан – тәуелсіздіктің рухы» атты кездесу кеші өтті.



Желтоқсан оқиғасының куәгерлері, ұлт руханиятына сүбелі үлес қосқан ардагерлер Әбілқайым Сайдоллаұлы, Гүлмира Дәулетбайқызы және Сағадат Бердібекқызы өздерінің естеліктерімен бөлісіп, жастарға сол бір тарихи кезеңнің қиындықтары, ел үшін төгілген тер мен қанның құнын түсіндірді. Ал оқушылар Қайрат пен Ләззаттың монологын сахналап, Желтоқсан оқиғасына арналған өлең оқып, күй тартып, би мен ән орындады. Кеш соңында барлық қатысушы бірігіп «Атамекен» әнін орындап, ел тәуелсіздігі үшін күрескен ерлердің рухына тағзым етті.

– Еліміздің тәуелсіздігі үшін күрес жолындағы маңызды кезеңнің бірі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Бұл тек қазақстандықтардың ғана емес, бүкіл Кеңес Одағындағы халықтардың өздерінің еркіндігін, тәуелсіздігін аңсаған күрес болды. Сондықтан осы іс-шараның басты мақсаты – жастардың тарихқа деген қызығушылығын арттыру, Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызын түсіндіру және ұлт тарихына деген құрметті дамыту. Өйткені тәуелсіздік – халқымыздың мыңдаған жылдар бойы арман еткен асқақ мұраты, ал сол тәуелсіздіктің мәнін білу мен бағалау – әр азаматтың парызы, – деп атап өтті №10 көпшілік кітапхананың аға кітапханашысы Әсел Омаш.

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді еліміздің басты мемлекеттік мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн жаңа егемен елдің қалыптасуын, бірлігіміздің нығаюын және даму жолындағы ортақ ұмтылысымызды білдіреді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әлемдік аренада өзін сенімді көрсетті, мемлекеттіліктің берік негізін қалады, әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуды қамтамасыз етіп, әрбір азаматтың бейбіт әрі жасампаздыққа толы өмір сүруіне жағдай жасады. Бүгінде Астана – жаңару мен жаңашылдықтың жүрегі, қарқынды өсуі, ашықтығы және болашаққа ұмтылысымен ерекшеленетін қала. Бұл жетістіктер тұрғындардың жауапкершілігі, еңбегі және бірлігі арқасында мүмкін болды. Айтулы күні сіздерге мықты денсаулық, мол береке, бейбітшілік пен татулық тілеймін. Отбасыларыңызда әрдайым ынтымақ, түсіністік және жарқын болашаққа деген сенім орнасын! Әр жаңа күн ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігі жолында жаңа шабыт пен тың жетістіктер әкелсін!

Құрметпен,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы
Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН

Құрметті астаналықтар, елорда ардагерлері!

Сіздерді еліміздің ең басты әрі қастерлі мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздік – бабалар аңсаған асыл арманның орындалуы, ұрпақтың аманаты, елдің ертеңіне деген сенімінің бейнесі. Осы бір тарихи күн халқымыздың рухын көтеріп, еңсесін тіктеп, жаңа биіктерге жетелейтін ұлы құндылық болып қала береді. Тәуелсіз Қазақстанның тұғыры биік, болашағы жарқын болсын! Мемлекетімізді одан әрі нығайту, еліміздің абыройы мен мерейін арттыру, халық игілігі жолындағы еңбектеріңіз табысты болсын! Бүгінгі ұлы мерекеде зор денсаулық, мол бақыт, ынтымақ пен береке тілеймін!

Ізгі ниетпен,
Астана қаласы
Ардагерлер кеңесінің төрағасы
Сансызбай ЕСІЛОВ

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Баршаңызды Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі мереке – еліміздің еркіндікке қол жеткізген тарихи сәті. Егеменді еліміздің жетістіктері – әрқайсымыздың мақтанышымыз. Қазақстанымыздың экономикасы гүлденіп, мәдениеті мен ғылымы дамып, әлемдік деңгейге көтерілсін. Елімізде бейбітшілік, бірлік, тұрақтылық орнап, болашағымыз жарқын болсын. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Қазақстанымыздың байрағы әрқашан биікте желбіресін!

Астана қаласы
Қоғамдық кеңесінің төрағасы
Зулфухар ҒАЙЫПОВ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДӘРІПТЕДІ

Астанадағы Ақжан әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейде 8-9-сынып оқушыларына арналған «Оқушылардың экологиялық мәдениеті: қоқысты сұрыптау және қайта өңдеу» тақырыбында ақпараттық-тәрбиелік іс-шара өтті.



Іс-шара барысында оқушыларға тұрмыс қалдықтарын сұрыптаудың маңызы, пластик, қағаз, әйнек және металл қалдықтарын қайта өңдеу жолдары, сондай-ақ күнделікті өмірде экологиялық әдеттерді қалыптастыру мәселелері түсіндірілді. Сонымен қатар «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында жүзеге асып жатқан экологиялық бастамалар туралы ақпарат берілді, 9-сынып оқушылары дайындаған «Қалдықтарға екінші өмір сыйла» жобасы таныстырылып, экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған интерактивті тапсырмалар мен танымдық ойындар ұйымдастырылды. Мұндай іс-шара оқушылардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталды.

№148 (4892) 16/12/2025 Сейсенбі

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҰЛТ БАҚЫТЫ

Биыл 16 желтоқсанда Қазақстанның өз алдына дербес, тәуелсіз ел болғанына 34 жыл толды. Тарих үшін қас-қағым сәт десек те, осы жылдарда үлкен-үлкен табыстарға қол жеткіздік. Солардың бірі – күллі қазақ мақтан тұтатын, арқа сүйейтін әлемге әйгілі астана салдық. Заманауи еуропалық мегаполистердің қатарына қосылған бұл шаһар қазір жаһандық деңгейдегі мәселелер талқыға түсетін Орталық Азиядағы беделді, танымал және әсем орталықтардың біріне айналғаны бәрімізді сүйсіндіреді. Бүгінгі елордамыз тәуелсіздік деген сөздің синонимі ретінде де айтылады. Өйткені еліміздің бүгіні мен ертеңі үшін Мемлекет басшысы қабылдайтын әрбір саяси шешімдер бас қаланың төрінде қабылданады.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

Тәуелсіздік күні – мемлекеттік мереке, ұлт қаһармандарын ұлықтайтын күн. Ұлт қаһарманы деген кім? Бір қарағанда жеңіл көрінгенмен, шын мәнінде, бұл сұраққа дұрыс жауап қайыру оңай емес. Ата тарихымыздағы қолына қару алып, соғысқа қатысқан, опат болған адамдардың бәрін ұлт қаһармандарының қатарына қоса беруге болады десек қателесетініміз анық. Біздің ойымызша, қазақ ұлтының бақыты үшін белгілі бір ұлттық мақсат-мұраттардың жолында өмір бойы күресіп, жанын пида еткен және туған Отанын өз жанынан артық сүйіп, адал қызмет еткен жандарды ұлт қаһармандары деуге болады. Ұлттық қаһармандар қатарына тек өз халқының рухани-мәдени, саяси-экономикалық, әлеуметтік жағынан дамуына, ұлттық сананың өсіп-жетілуіне, ұлт басына төнген қауіп-қатерлерге қасқайып қарсы тұрып, қазақтың ел, ұлт болуына қалтқысыз қызмет еткен жандар ғана кіре алады. Яғни тәуелсіз Қазақ елінің азаттығы мен бостандығы жолында жаулармен арпалысып, қаза тапқандар – нағыз қаһармандар.

Сонау Жәнібек пен Керей хандар Қазақ хандығын құрған дәуірде де ұлт қаһарманы деңгейіне көтерілген хас батырларымыз болғанын тарихтан білеміз. Нағыз қаһармандықтың шынайы үлгісін Алаш қайраткерлері жарқыратып көрсетті. Хас зиялылық, ұлт тағдыры үшін жауапкершілікті мойнына алу дегеннің бірден-бір эталонын қалыптастырған да солар. Осыдан 1 ғасыр бұрын өмір сүрген Алаш қаһармандары – туған ұлты үшін мәңгілік ұлы рухани ерлік жасаған біртуар перзенттеріміз.

Бірінші ел болуға намыс керек,
Мал-жанды намыс үшін салыс керек.
Қорланып өмір сүрген тіршіліктен,
Өлгенім артық деген намыс керек!

– деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, ұлттық намыс пен ұлттық ынтымақты ту еткен алаштықтар – Тәуелсіздік күні толық ұлықтауға лайықты тұлғалар. Олай болса Тәуелсіздік күні – «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысын, «Алаш» партиясын, «Алаш Орда» үкіметін, Алаш Республикасын ұлықтайтын күн. Тәуелсіз Қазақстанның тарихы Алаш Республикасының тарихынан бастау алады. Егер де біз кеңестік санадан толық арылған, тәуелсіз санасы қалыптасқан ел болдық десек, онда Тәуелсіздік күнінде Алаш қаһармандарын, Желтоқсан боздақтарының өшпейтін адами және рухани ерлігін ұлықтауға тиіспіз. Ол үшін бүгінге дейін ақталған Алаш қайраткерлерімен қатар, еліміздің барлық өңірінде ойдан шығарылған айыптаулар мен баптар бойынша сотталған «Алаш» қозғалысы мен «Алаш» партиясының қарапайым мүшелері, жергілікті жерлерде аяусыз саяси қуғын-сүргінге ұшыраған «Алаш» әскерінің 10 мыңға жуық жасақтары мен офицерлері толық заңдық және саяси жағынан ақталуы қажет. Заңгер-ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, Қазақстанның бостандығы мен азаттығы жолында құрбан болған 20-дан астам санат бойынша («ЕСЕП» партиясының мүшелері, қазақ ұлтшылдығының құрбандары, халық көтерілістеріне қатысушылар мен ұйымдастырушылар, кәмпескеленген бай-құлақтар, соғыс тұтқындары және тағы басқалар) әлі күнге дейін толық заңдық тұрғыдан ақталмаған саяси қуғын-сүргін құрбандары бар. Әрине, бұл – бөлек жазылатын мәселе.

Ұлт қаһармандарын ұлықтау дегенді тарқатып айтайық. Осыдан тура 8 жыл бұрын қоғам қайраткері, белгілі заңгер Сабыр Қасымов Алаш арыстарының рухына бағышталған аста мынадай ой-тұжырымдарын жария етті: «Қазақта «Өшкен жанды, өлген тірілді» деген сөз бар. Егер біз өзімізді Алаш қаһармандарының ізбасарымыз деп есептесек, олардың биік рухани және азаматтық ерлігін бүгін мен болашақтың қасиетті қазынасына айналдыруға міндеттіміз. Отанға шынайы, адал қызмет етудің үлгісі – Алаш зиялылары. Кеңестік-большевиктік тоталитарлық билік ұлттар арасында әлеуметтік-саяси теңдік орнатамыз деген коммунистік әдемі ұрандарды жамылып, буржуазиялық-ұлтшылдыққа қарсы күресті күшейту керек деген желеумен «Алаштың» барлық басшылары мен белсенділерін құртты, «Алаш Орда» үкіметінің аймақтардағы барлық мүшелері мен жетекшілерін жаппай қуғынға ұшыратты. Сталиндік ОГПУ-НКВД-КГБ-ның қылмыскерлері Қазақстанға тағайындаған өз адамдарының күшімен «Алаш» қайраткерлері мен мүшелерін құртып немесе түрмелерге отырғызып қана қойған жоқ, «Алаш» рухы мен идеясының өзін қазақстандықтардың санасы мен қоғам өмірінде қалдырмай, түп тамырымен жоғалтуға тырысты. «Алашты» жасанды жолмен қас дұшпанға айналдырғандықтан, оның образы саналарымызда қорқыныш синдромын тудырып, соның кесірінен алашордалықтардың ерлігін әділетті жолмен шыншыл бағалауға әлі күнге үлкен кедергі жасап келеді. Осы ретте Алаштың жеті қайраткерін бүгін мен болашаққа үлгі болсын деп «Халық қаһарманы» атағына ұсынамын. Олар: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Халел Досмұхамедұлы. Меніңше, бұл ұсынысқа Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев сынды қаһармандарымыздың аруағы да риза болар еді. Егер Б.Момышұлы мен Р.Қошқарбаев кеңес-герман соғысында кеңес елі мен кеңес халқының мүддесі үшін арпалысқан болса, жоғарыда аталған «Алаш» қайраткерлері – сталинизмге қарсы саяси соғыста Қазақстан мен қазақ халқының бостандығы мен азаттығы үшін алысып, қаза тапқандар. Сондықтан мемлекеттік тәуелсіздігін алған Қазақстан моральдық және халықаралық стандарттарға сәйкес олардың ерлігін тиісінше бағалап, тарихи ерліктеріне тиісінше ұлықтауға міндетті».

Біз қазір ұлт қаһармандарының ерлігін тиісті деңгейде бағалап, ұлтты сүю идеясын жас ұрпаққа дұрыс насихаттап жүрміз бе? Осы сұраққа жауап іздегенде ойланып қаламыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды. Тәуелсіздік күнінде осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек» деп Тәуелсіздік күнін қалай атап өтудің үлгісін, жүйесі мен жолын айқындап бергені мәлім.

> Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды. Тәуелсіздік күнінде осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек» дегені мәлім

Менің ойымша, Тәуелсіздік күнін атап өту Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның Алашорда үкіметін құрған 13 желтоқсаннан басталуы керек. 13 желтоқсан – Алашорда үкіметінің құрылған күні. Осыдан тура 108 жыл бұрын, 1917 жылы 13 желтоқсанда Орынборда өткен бүкіл қазақ-қырғыз құрылтайында уақытша Ұлттық Кеңес түріндегі билік органы құрылып, оны «Алаш Орда» деп атау туралы қаулы қабылданды. Үкімет төрағалығына көпшілік дауыспен Әлихан Бөкейхан сайланды. Бұл күнді «Алашорда күні» деп атауымыз керек. Өйткені ол – Алаш тарихына алтын сиямен жазылған ұлы күн! Қазақ баласының ұлттық жадынан өшпейтін күн! Тәуелсіздігіміздің тарихына таспен жазылған күн! Алаш арысы Әлімхан Ермековтің «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы №28 санында жарияланған «Жасасын, Алаш автономиясы!» атты мақаласында 13 желтоқсанның тарихта қандай мәнмағынаға ие екені ғажайып тілмен жазылғанын білеміз. Алашорданың көрнекті қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш математик Әлімхан Ермековтің үш рет тұтқындалып, 18 жыл өмірін ГУЛАГ-тың азапты түрмесінде өткізгені басқа емес, Тәуелсіздік күнінде айтылуы қажет. 16 желтоқсанда мерекелік концерттің орнына оқу ордаларында Әлімхан Ермеков туралы кино көрсетіп, ұрпақтарымен бетпе-бет кездесу өткізсе құба-құп болар еді.

Ой-толғау мақаламды заманымыздың заңғар тұлғасы, қазақ ойы мен санасының кәтепті қара нары – Әбіш Кекілбайұлының мынадай сүбелі сөзімен аяқтауды жөн көрдім: «Тәуелсіздікке жеткенге дейінгі ғұмыр оны көксеумен өтсе, тәуелсіздіктен кейінгі ғұмыр оны баянды етуді басты мұрат етеді. Баянды тәуелсіздік бар жерде ғана халықтардың көсегесі көгереді». Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!


ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ

– Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізгенімізге биыл 34 жыл толды. Осы жылдарда ел де, мемлекет те қайта жаңғырды. Ол саяси жағынан ғана емес, мәдени, рухани, экономикалық тәуелсіздікке жол ашты. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – мемлекетіміздің мызғымас беріктігін, шайқалмас шаңырағының биіктігін дәлелдейтін күн. Қай халық үшін де азаттықтан артық ұлы ұғым, тәуелсіздіктен биік тұғыр жоқ. Олай болса тәуелсіздік біз үшін қашанда киелі құндылық. Тәуелсіздікпен бірге тыныстаған еліміз осы 34 жыл ішінде ішкі және сыртқы саясатымызды, елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті, рухы биік руханият пен қажырлы еңбек үлгісін қалыптастырды. Ұлы даланы ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабаларымыздың аманат мұратын қайта жаңғыртты. «Ұлы дала ойындары» деп өткізген дүниежүзілік дүбірлі тойда Қазақ елінің мейманасы тасып, бүкіл әлемге танылды. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Найзаның ұшы, білектің күшімен ұлан-байтақ жерімізді қорғаған ата-бабаларымыздың, елінің еркіндігі үшін құрбан болған Алаш арыстарының, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің мақсат-мұраты егеменді мемлекет құру болатын. Енді, міне, тәуелсіз Қазақстанның 35 жылдығына аяқ басқан кезеңде бүгінгі Қазақстанның жаңа келбеті асқақтай түсуде. Бүгінгі ұлттық идеяға айналған татулық пен бірліктің арқасында елімізде тұрып жатқан түрлі этнос өкілдері қазақ халқымен бірге тәуелсіздіктің тұғырын нығайта түсуде. Егеменді елдің ертеңі – жастар. Олардың бойында отансүйгіштік пен патриоттық рух қалыптастырып, бабалар аманатына адал болуына, тәуелсіздіктің жауапкершілігін жете сезінуіне ықпал етуде аға буын ардагерлердің алар орны бөлек. Бұл орайда қалалық Ардагерлер кеңесі ұрпақтар сабақтастығы аясында түрлі іс шара өткізуді дәстүрге айналдырды. Қала мектептері мен жоғары оқу орындарында өмір жолы үлгі-өнеге болған әр сала ардагерлерімен кездесулер өтуде. Тәуелсіздік – тек бір күндік мереке ғана емес, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатын қасиетті құндылық. Оны көздің қарашығындай сақтау – әрбіреуіміздің борышымыз!

Қарлығаш ҚҰСПАН,
Астана қаласы
Ардагерлер
кеңесінің мүшесі

№148 (4892) 16/12/2025 Сейсенбі

Тәуелсіздік жылдары бізге өткен сабақтарды ой елегінен өткізіп, бүгінгі өмірдегі өзгерістерді саралауға негіз. ҚСЗИ-дің жаңа зерттеулері қазақстандықтардың реформаларды күнделікті тұрмысқа, отбасы мен балаға бағытталған нақты қадамдар арқылы қабылдайтынын айқындап отыр. Бұл – жүйелі өзгерістердің өмірдегі маңызды ұсақ бөлшектерден басталатынын көрсететін мысал.







ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР НАҚТЫ ӨЗГЕРІСТЕР ДЕП НЕНІ САНАЙДЫ?









Тәуелсіздік күні қарсаңында өткен жылдарға көз жүгірте отырып, біз кез келген кемелденген мемлекеттің өзіне қоятын сұрағына қайта ораламыз: жүргізіліп жатқан реформалардың қайсысы адамдардың күнделікті өмірінде шынайы сезілуде? Елдің дамуында стратегиялар, бағдарламалар және ұлттық жоспарлар сөзсіз маңызды. Бірақ әлеуметтанушылар қоғамдағы шынайы өзгерістерді күнделікті өмірден іздеу қажет екенін еске салады. ҚСЗИ тапсырысы бойынша жаз айларында жүргізілген зерттеу осы тәжірибені тікелей бағалауға мүмкіндік берді. Сауалнамадағы «Соңғы реформалардың қандай нәтижелерін байқадыңыз?» деген сұрақ қарапайым көрінгенімен, жауаптар мәселенің нақты сипатын ашып берді. Адамдар пресс-релиздерді емес, өз өміріндегі өзгерістерді атайды деген қорытынды ойға әкелді.

Мектеп және білім беру саласы – реформалардың нақты көрсеткіштерінің бірі. Көпшіліктің көңілінен шыққан өзгеріс дәл осы салада байқалды. Респонденттердің 38%-ы жаңа мектептердің салынуы мен жұмыс істеп тұрғандарының жаңғыртылуын атап өтті. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2022 жылы басталды. Жобаның негізгі мақсаты – оқушы орнының тапшылығын жою, апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін шешу, заманауи білім беру кеңістігін қалыптастыру болды. Білім беру бағыты бүгінде елдің ұзақмерзімді дамуының негізгі тетіктерінің біріне айналды. Сондықтан қазақстандықтар жоғарыда аталған реформаларды адамның білімі мен келешегіне бағытталған нақты салым ретінде қабылдап отыр. Мектепке енгізілген жаңартулар – реформалардың шынайы жүріп жатқанын айқындайтын көрсеткішке айналды.

Сонымен қатар, бұл өзгерісті күнделікті өмір тұрғысынан қарастыруға болады. Мектеп – мемлекет шешімдерінің нақты нәтижесі көрінетін орындардың бірі. Жаңа ғимаратты қағаздағы есеппен шатастыру мүмкін емес. Жаңадан салынған немесе күрделі жөндеуден өткен мектеп не бар, не жоқ, бәрі айқын көрінеді. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, Атырау, Қызылорда және Қостанай облыстарының тұрғындары бұл өзгерістерді ерекше айқын байқап отыр.

Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес. Екінші орында – отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тұр (респонденттердің 31%-ы). Қазақстандағы қоғамдық пікірдің өзгерісін бақылаушылар үшін бұл көрсеткіш бір қарағанда байқалатындай қарапайым емес, себебі бұл мәселе жылдар бойы көпшіліктің назарынан тыс қалған болатын. Әлеуметтік және мәдени нормалар әдетте баяу өзгереді, бірақ кейде күтпеген сәтте күрт өзгеріске ұшырауы мүмкін. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйінсек, қазірде бұл мәселенің қоғам үшін өзектілігі артты. Әйелдер (респонденттердің 56,7%-ы) бұл реформаны ерлерге қарағанда жиі байқайды (43,3%). Бұл – толығымен табиғи жағдай. Ұзақ уақыт назардан тыс қалған мәселені ең алдымен тікелей зардап шеккендер көреді. Астана, Шымкент және Павлодар облыстары бұл өзгерістерді ең айқын көретін өңірлерге жатады. Әлеуметтанушылар мұны жаңа моральдық ортаның қалыптасуы ретінде бағалайды, ал экономика саласындағы Нобель сыйлығы лауреаты Поль Кругман бұл жағдайды институционалды реформаның қоғамдағы нақты өзгеріс климатына сәйкес келген сирек жағдай деп сипаттаған болар еді.

Цифрландыру – ел болашағын анықтайтын реформа. Цифрлық қызметтер жүргізіліп жатқан реформаның көзге көрінетін нәтижесі ретінде 29,7% респонденттің назарына іліккен. Әдетте назар ірі бастамаларға аударылады, бірақ шынайы өзгерістер көбіне байқалмай жүреді. Осы саладағы өзгеріс күнделікті тұрмыста уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал уақыт болса, ең төмен бағаланатын экономикалық ресурс. Бұл – әр ел үшін ауқымды реформалардың бірі. Мемлекет бұл іске үлкен қаражат жұмсап, оны іске асыруға бірнеше жыл бойы әкімшілік күш жұмсады. Деректерге қарағанда, Павлодар, Қарағанды және Жамбыл облыстарының тұрғындары бұл өзгерістерді басқалардан тезірек сезген. Мүмкін, бұл олардың талапшыл болуымен емес, бұрын қағаз үстемдік еткен салаларға цифрлық тәжірибелер ене бастағанымен байланысты шығар. Экономистер ұзақ уақыттан бері мемлекеттік қызметтер қолжетімді болған сайын тек сенім ғана емес, өнімділік те артатынын айтады. Статистикалық тұрғыдан бұл әсерді дәл көрсету қиын, бірақ күнделікті тұрмыс жағдайында оның нәтижесін оңай бағалауға болады.

«Ұлттық қор – балаларға». Респонденттердің 28,7%-ы реформалардың нақты нәтижесі ретінде осы бағдарламаны атап өтті. Бұл деректердегі ең қызықты нәтижелерінің бірі болуы мүмкін. Неге десеңіз, бағдарлама болашаққа бағытталған, бірақ сонымен қатар нақты және айқын. Жыл сайын Қазақстан азаматтары – балалардың есепшоттарына қаражат аудару фактісі бар. Жалпы сома бар. Есепшот бар. Мақсат бар. Әлеуметтанушылар мен экономистер үшін бұл – мемлекет адам капиталына инвестиция салудың ұзақмерзімді механизміне айналғанын білдіреді. Ал азаматтар үшін бұл – балалардың болашағы енді абстракция емес, нақты мүмкіндіктерге ие екенінің белгісі. Әсіресе Қызылорда мен Жамбыл облыстарының, сондай-ақ Астана мен Шымкент қалаларының тұрғындары бұл нәтижені жиі атап өткен. Демографиялық жүктеме жоғары өңірлерде балаларға арналған бағдарламалар әрдайым мемлекет тарапынан нақты қамқорлықтың белгісі ретінде қабылданады.

Төрт негізгі нәтиже. Халық арасында алғашқы төрт орынға шыққан салаларды қарасақ, заңдылық байқалады. Алдымен білім саласы, кейін отбасылық қауіпсіздік, одан соң цифрландыру және балалардың болашағы. Осыған орай, біз халық реформаларды отбасы тұрғысынан бағалайды деген тұжырымдамаға келеміз. Бұл – сирек кездесетін үйлесім сәті, өйткені адамдар өзгерістерді өмір сапасы нақты жақсарып жатқан салаларда байқайды. Осы тұрғыдан алғанда, бұл үрдіс өзіне тән мәнге ие деп қарастыруға болады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) – тұрғын үй саласындағы реформалардың сирек кездесетін мысалы болып табылады. Респонденттердің 20%-ы БЖЗҚ-тен қаражаттың бір бөлігін алу мүмкіндігін атап өтті. Бұл реформа экономикалық талдауда қоғам үшін әлеуметтік тиімділігі нақты көрсетті, себебі тұрғындар пәтерлерін жақсартты, ипотекалық міндеттемелерін өтеді немесе жөндеу жұмыстарын жүзеге асырды. Күрделі интерпретацияларды қажет етпейтіндіктен, бұл шара қоғамның санасында айқын қалды. Негізінде, аталған механизм болашаққа қатысты қарым-қатынасты емес, қазіргі өмір сүру деңгейінің нақты көрсеткіштерін бағалауға бағытталған.

Басқа салаларда орын алған өзгерістер. Көрініс кеңейгенімен, оның экономикалық және әлеуметтік мәні өзгерген жоқ. Респонденттердің 19%-ы жолдар, теміржол вокзалдары мен әуежайларды атап өтті, себебі инфрақұрылым – экономиканың күшеюінің сенімді индикаторы. Бұл тек көлік қатынасын қамтамасыз етумен шектелмей, қозғалыс пен даму сезімін қалыптастырады. Респонденттердің 15%-ы «Цифрлық отбасы картасы» мен «Әлеуметтік әмиянды» атап өтті, себебі бұл мемлекеттік қолдау механизмдерін дәлірек және тиімдірек етуге бағытталған құрылымдық қадамдардың бар екенін көрсетеді. Жауап берушілердің 14%-ы «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасын атады. Бұл сала әлі де негізгі фокуста болмаса да, қоғамның назарының өсуін көрсетеді. Сол сияқты, респонденттердің 14%-ы экономиканың тұрақты тірегі ретінде ауыл шаруашылығының дамуын атап өтті. Респонденттердің 10%-ы шағын және орта бизнесті қолдауды, яғни кәсіпкерлік белсенділіктің фундаментін қалыптастыруға бағытталған көмекті атап өтті. Жалпы алғанда, бұл жауаптар құрылымды және тұтас әлеуметтік-экономикалық шеңберді бейнелейді. Қоғам реформаларды инфрақұрылым жаңартылғанда, әлеуметтік механизмдер дәл болғанда, ал экономикалық мүмкіндіктер кеңейген жағдайда айқын байқайды.

Бүгінгі Қазақстан туралы не айтуға болады? Сауалнама нәтижелерін толық қарастырсақ, бір қарапайым қорытынды шығады: азаматтар реформаларды саяси конструкциялар ретінде емес, тұрмыстық жағдайлар мен өмір сапасының өзгерісі аясында бағалайды. Білім саласы, қауіпсіздік, цифрлық қызметтер, балаларға арналған бағдарламалар – осы барлық өзгерістер күнделікті өмірді жақсартуға бағытталған қозғалыс ретінде қабылданады. Мемлекеттік бастамалар өз тиімділігін сөз жүзінде емес, күнделікті өмірде сезінгенде ғана көрсетеді – уақыт өте, кеңістік арқылы және отбасының тәжірибесінде айқын көрініс табады.

Тәуелсіздіктің әрбір күні – тек тарихымыздың жаңа беті емес, қоғам үшін нақты өзгерістердің көрінісі. Деректер көрсеткендей, азаматтар реформаларды өз тұрмысына, өміріне ықпал еткенде ғана сезеді. Экономикалық тұрғыдан қарағанда, бұл қадам өмір сүру сапасының негізін нығайтады. Әлеуметтік тұрғыдан алсақ та көптеген жағымды өзгерістердің орын алуына мемлекет атсалысып келеді. Егер Тәуелсіздік күні жақсы көңіл күйге себеп іздеп жүрсеңіз, ол – дәл қасыңызда: еліміз күн сайын қолайлырақ, түсініктірек және адамға жақынырақ болып келеді.

Әлеуметтанулық сауалнама 2025 жылғы 11 шілде мен 12 тамыз аралығында ҚСЗИ тапсырысы бойынша жүргізілді. Сауалнамаға 8 000 респондент қатысты. Зерттеуге 18 жастан асқан азаматтар, сондай-ақ елдің 17 өңірі мен республикалық мәні бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларының тұрғындары қатысқан.

Айгүл ЗАБИРОВА,
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ бас ғылыми қызметкері

№148 (4892) 16/12/2025 Сейсенбі



«Азаттық» деген ұлы арман...

Сайлаухан НӘКЕНОВ

АЗАТТЫҚ

Сыналап кіріп ертеден,
Сығалап қарап саусақтан,
Ормандарымды өртеген,
Армандарымды қаусатқан.

Өзендерімді ортайтып,
Жасылдарымды қуратқан.
«Халыққа жау» деп жорта айтып,
Асылдарымды тура атқан.

Өзгенің құлдық мазағы
Бермеді азат сөзге дем.
Аз халықтардың азабы
Артықтау екен өзгеден.

Кемсітулерге кектенбей,
Қашанғы жүрсін ет өліп?!
Желтоқсан, міне, жеткендей
Рухын ұлттың көтеріп!

Жанарын жаспен суарған,
Қуанған далам қуарған.
«Азаттық» деген ұлы арман
Алаштың атын шығарған.

Шығарған даусын шындықтың,
Ақырын тілеп Алладан.
Мың жылдық жолын мұңлықтың
Мұнарсыз күнге жалғаған.

Жібіген шығар Жаратқан,
Көл-көсір төккен көз жасқа.
Әлемді түгел қаратқан
Азаттыққа айттым бозқасқа!..

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ

ҚАЗАҚИЯ

Қазақиям – азат ұям,
Қоңыр жұртым, ұлы елім.
Қаңқылдаған қаз атынан
Сөз саптаған сүлейім.

– Қанға қан! – деп,
– Жанға жан! – деп,
Атам қазақ үйреткен.
Өтті ғасыр сандаған көп
Ақ сойылын сүйреткен.

Шыңбысың сен – Хан-тәңірім,
Әлде Бетпақ – шөлмісің,
Қаңсыса да қан тамыырың
Қыңқ етпейтін көнбісім.

Тасыдың да жуасыдың,
Түпсіз арнаң толсашы,
Дүниенің күнәсінің
Жуылатын моншасы.

Аялаған азаттығым
Бұл бұл ұшса басымнан,
Кімге керек қазақтығым
Мақтан еткен жасымнан?

Төбеңдегі Айды мына
Тұмарыңдай көремін.
Қапалы да, қайғылы да,
Қоңыр елім, өр елім.

Топырақтың табын сездім,
Жүгірдім де жығылдым.
Отан деген назым сөздің,
Мәнін сенен ұғындым.

Аспандай кең атамекен,
Иі қанбас көн дала,
Сені сүю – қате ме екен,
Сүйіп өтем сонда да!

Нұрлан МӘУКЕНҰЛЫ

БОСТАНДЫҚ

Бостандықта сүрдік пе біз көп ғұмыр?
Аз ғана күн сәулелі үміт төкті нұр:
Әлсіз шуақ қарт қазақты жылытып,
Жас қазақ сол бәсең отты сөкті бір...

Жасамыс жан «шүкір» деді бүгінге,
Жас арыстан, жан ашумен бүлінбе,
Жаңғырамыз, деді, түптің түбінде...
Парасаты тұнып тіл мен ділінде.

...Парқы жетсе, нарқы кетпес
сөзді ұқты.
Жастық жалаң қолмен алмас
кезді ұқты...
Ұмытпауды ескерді алға басқанда,
Ту сыртынан қадалатын кездікті...

Бұл Қазақпен танысыңыз әуел, Сіз.
Қазақ қазақ болғалы шын тәуелсіз.
Ел мен жерге еге, бүгін көріңіз,
Сүйініңіз, дос елсіз я жау елсіз.

Мекеніндей көңілі кең халықтың,
Аспанынан нұрын құйды жарық күн.
Еш жарлығы жүрмейді енді
Мәскеудің,
Іске аспайды қулығы Ханбалықтың.

Егемен ел – жасыл туы жайнаған.
Егемен ел – қонаққа түс шаймаған.
Тағдырыңа «шүкір» деуін десем де,
Тірлігіңе түйіліп, көп ойланам...

Ықылас ОРАЗБАЙ

КӨГІЛДІР ТУ

Қиыр да қиғаш бір шеттен,
Отанның зарын кім шеккен?
Көк туды аман көргенде,
Көзімнің жасы бұрқ еткен.

Мүмкін бе жету аңсамай,
Мүмкін бе жету шаршамай!
Шегарадан өтіп алып та,
Шошып ояндым қаншама ай…

Көңілге құяр уы бар,
Кей сөзге жаның суынар.
Қарынның қамын күйттеген,
Қадырыңды қайдан ұғынар.

Даттайды кейде кісілер,
«Жақпайды билік ісі» дер.
Шетелде жүрген жете алмай
Шерлілер нені түсінер?

Түсінер заман тарлығын,
Топырақсыздың тағдырын.
Жалғанда мынау қазақта,
Жалғыз-ақ Отан барлығын.

Қазақ деп қаны тасыған,
Қамшы да тиген басынан.
Көк паспорт қолға тигенде,
Кеңсірігі ашыған...
Елім деп келген ерлердің,
Не өтпеді дейсің басынан!..

Ешкімді мінеп-сынаман,
Бекісін деймін бұғанаң.
Тәукел етіп келгенде,
Тәуелсіздігім дін аман...

Дін аман болсын діңгегім,
Еңбекпен өтсін күндерім.
Тілеймін қазақ нәсілі,
Ешқайда кетіп сіңбеуін.

Қазақша оқы, ұрпағым,
Бір ұлтта болсын бір таным!
Тіл мен дін үшін бұзғанбыз,
Қырық темірдің қырсауын.

Арбаса да аю ырғалма,
Тірлігің жанар тіл барда.
Толстой, Пушкин дей берме,
Махамбет, Абай тұрғанда.

Бағытты бекем белгіле,
Шеттегі әрбір шерліге.
Көгілдір таулар үстінде,
Көгілдір тулар желбіре!

Рауандасын ұлы аумақ,
Риза болсын мың аруақ.
Ұятты тарих қалмаған,
Ұжданды баба бір аунап.

Қанатты серме, сергі де,
Алдыңда асқақ кең дүние!
Көгілдір таулар үстінде,
Көгілдір тулар желбіре!

Назгүл АЛАУДИН

Тәуелсіздік –
Төр мен бағым, тұғырым,
Осы жолда бабам қиған ғұмырын.
Қойнауында жатыр қанша тарих мың
Өткен... Келер... Бүгінім.

Тәуелсіздік –
Жан мен тәнім, үмітім,
Тілеуіңді тілеймін ел, күні-түн.
Жат пиғылдар тізгініңді ары тарт
Оның маған суы, тасы, гүлі құн

Тәуелсіздік –
Серт пен сенім, қастерлім,
Болашақтың таңбасы өзің, рас сенгін.
Бейбіт күн-ау, жету үшін жолыңда
Көкірекке толды қанша жас пен мұң.

Тәуелсіздік –
Күн мен түнім, айбыным,
Қазақстан – Отан-анам байлығым.
Өзіңе арнап жазылады талай жыр,
Тәуелсіз екендігің жайлы мың.

Тәуелсіздік –
Ар мен ұждан, қымбатым,
Қиын күндер, қиылып-ақ құмға сің.
Сары қымыздай сапырып ап сарқып іш
Азаттықтың мәңгілік бал тұнбасын
Тәуелсіздік – менің тете құрдасым.

Александр МӘРУАҰЛЫ

АБЫРОЙ ҒОЙ ТАСЫҢДЫ АРҚАЛАСАҚ

«Бұл далаға бір қарасам пейілім менің кеңейген -
Енді қайтем осы өлкені туған жерім демей мен!»
Ж.НӘЖІМЕДЕНОВ

Жыр-жүрегім толып тұр бүгін шерге,
Қасиетіңе киелі жүгінсем бе?
Тұрғызбасын, ешбіреу тауың түгіл,
Жалғыз түйір тасыңа сүрінсем де.

Бұлағыңа мөп-мөлдір сырым қанған,
Жоталарға жұп-жұмыр жырым қонған.
Табаныма тас батып, шөңге кірсе,
Өтінемін, оны да суырмандар!

Дархан дала дертіме азық болып,
Ақ қағазға қайғымды жазып беріп,
Майда, жұмсақ құмыңа құласам ғой
Құлазыған сәттерден қажып келіп.

Келгендей-ақ көсілер кез ыңғайлы,
Бой түзелді, өзіңде сөз ұлғайды.
Құдіреті тілімнің жетер ме екен,
Қалам алып толғауға өзің жайлы.

Естеліктер сенде өткен есімдегі,
Махаббатты маздаған өшірмеді.
Аландаймын, дем жетпей қала ма деп,
Алып таулар қозғалса төсіндегі.

Талай адам жаныңды табалады,
Қадіріңді ұқпай жүр неге бәрі?
Тазалықты сендегі сезу үшін,
Көңілімді кірлетпей келем әлі.

Абырой ғой тасыңды арқаласақ,
Аялдай тұр, аялда, тарқама сәт.
Қиыр кезіп кетемін содан кейін,
Бір уыс топырағыңды қалтама сап.

Аспаныңдай сол кезде өр боламын,
Күннің өзі береді жанға жалын.
Білемісің туған жер жан-жарама
Жалғыз ғана жусаның ем боларын.

Толқындары теңіздің қуатты екен,
Өмірімді өзің ғой шуақты еткен.
Соңғы демім қалғанша сүйіп өтем,
Жүрегіме орнаған жұмақ мекен.

Дауа таппай тірліктен сабылысқан,
Асау сезім өзіңе алып ұшқан.
Ең ұлы өлеңдерді тудырады,
Ең ұлы саған деген сағыныштар.

ШЕТЕЛДІКТЕР ЕМДЕЛУГЕ АСТАНАНЫ НЕГЕ ТАҢДАЙДЫ?

Астана біртіндеп өңірдің жетекші медициналық орталықтарының біріне айналып келеді. Мұнда емделу үшін шетелден келетін адамдардың саны артып келеді, технологиялар жетіліп, бағалар қолжетімді болып отыр. Бүгінде халықаралық JCI аккредитациясына ие қазақстандық 9 клиниканың 7-еуі дәл Астанада орналасқан, бұл елордаға еліміздегі сапалы медицинаның ең ірі орталығы мәртебесін береді. 2024 жылы Астанаға 4 500 медициналық турист келді, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен екі есе көп. Шетелдік пациенттер үшін емделудің орташа құны 2-5 мың АҚШ долларын құрайды, бұл елорданы өңірдегі ең бәсекеге қабілетті медициналық дестинацияға айналдырады.



Райхан РАХМЕТОВА

ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ӘРІ ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯ

Медициналық туризм қызмет көрсету саласының негізгі қозғаушы күштерінің біріне жылдам айналып келеді, ал Қазақстан халықаралық нарықтағы позициясын нықтап нығайтуда. Бүгінде Астана – заманауи инфрақұрылым, озық технологиялар, кәсіби мамандар және бәсекеге қабілетті бағалар қаласы. Мұның бәрі оны ТМД, Азия, Еуропа және Таяу Шығыс елдерінен келетін пациенттер үшін тартымды етеді.

Елорда жоғары технологияларды, халықаралық стандарттарды және қолжетімді бағаларды үйлестіре ұсынады. Көптеген бағыттар бойынша Еуропа, Оңтүстік Корея немесе Түркиямен салыстырғанда бағалар айтарлықтай төмен, ал сапа деңгейі соған сай келеді. Жоғарыда айтылғандай, Астана – JCI аккредитациясынан өткен клиникалардың саны бойынша Қазақстандағы жетекші қала. Бұл пациенттерге қауіпсіздікті, емдеу хаттамаларының стандартталуын, персоналға және көрсетілетін қызмет сапасына қойылатын жоғары талаптарды қамтамасыз етеді.

Көліктік қолжетімділік – Қазақстан астанасының тағы бір артықшылығы. Тікелей әуе рейстерінің болуы және дамыған инфрақұрылым әртүрлі елдерден келетін пациенттердің жолын айтарлықтай жеңілдетеді. Күз-қыс маусымында әуе қатынасы 18 елмен, жазғы маусымда 20 елмен жүзеге асырылады. Аптасына 36 қалаға шамамен 250 халықаралық рейс орындалады. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында халықаралық бағыттар бойынша елордаға жолаушылар ағыны 15%-ға өсті. Бұл медициналық туризмнің дамуына тікелей әсер етеді, емделу үшін сапар шегу барған сайын жеңілдеп келеді.

> Елорда жоғары технологияларды, халықаралық стандарттарды және қолжетімді бағаларды үйлестіре ұсынады. Көптеген бағыттар бойынша Еуропа, Оңтүстік Корея немесе Түркиямен салыстырғанда бағалар айтарлықтай төмен, ал сапа деңгейі соған сай келеді. Жоғарыда айтылғандай, Астана – JCI аккредитациясынан өткен клиникалардың саны бойынша Қазақстандағы жетекші қала

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯ. КАРДИОЛОГИЯ ЖӘНЕ КАРДИОХИРУРГИЯ

Астана – өңірдегі жүрек-қан тамырлары медицинасының жетекші орталықтарының бірі. Мұнда кез келген күрделілік деңгейіндегі операциялар жасалады, соның ішінде аз инвазивті араласулар, стенттеу, шунттау және туа біткен жүрек ақауларын түзету операциялары.

ALEM – БІРЕГЕЙ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЗІРЛЕМЕ

Ең маңызды жетістіктердің бірі – ALEM (Astana Life Ex-situ Machine) аппаратының жасалуы. Бұл құрылғы донорлық мүшелерді ағзадан тыс жерде 24 сағатқа дейін сақтап, емдеуге мүмкіндік береді. Ол 36-37°C температураны тұрақты ұстайды, оттегімен қамтамасыз етеді, қысымды және қанның газдық құрамын бақылап отырады, сондай-ақ диагностика жүргізуге және дәрі енгізуге жағдай жасайды. Мұның бәрі трансплантация үшін қажетті уақытты айтарлықтай ұлғайтып, асқыну қаупін төмендетеді.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ РОБОТТЫҚ ЖҮРЕК ОПЕРАЦИЯСЫ

2025 жылы ПІБ медициналық орталығының ауруханасында алғашқы роботтандырылған жүрек операциясы жасалды. Қазақстандық және қытайлық хирургтар тобы 28 жастағы пациентке минималды қолжетімділік арқылы, стернотомиясыз, жүрекшелер арасындағы қалқаншадағы ақауды сәтті түзетті.

НЕЙРОХИРУРГИЯ ЖӘНЕ «ГАММА-ПЫШАҚ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ұлттық нейрохирургия орталығы – өңірдегі ең мықты орталықтардың бірі. Мұнда Gamma Knife жүйесі орнатылған, ол ми ісіктері мен тамыр патологияларын тіліксіз, сәуле арқылы жоғары дәлдікпен және минималды жарақатпен емдеуге мүмкіндік береді. Қазақстан – бұл жабдықты енгізген Орталық Азиядағы алғашқы ел. Бүгінге дейін 2000-нан астам радиохирургиялық процедура орындалды.

«Бес жыл бойы ауырсыну мен жайсыздық сезініп жүрдім, ал операциядан кейін келесі күні-ақ жеңілдік байқалды. Операция ең жоғары деңгейде өтті. Медициналық персоналдың қамқорлығы мен кәсібилігіне тәнтімін. Көрсеткен қамқорлығы мен жоғары деңгейдегі емі үшін Ұлттық нейрохирургия орталығының дәрігерлеріне алғыс айтамын» деп өз пікірімен бөлісті Наталья есімді турист.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҚ. РЕПРОДУКТИВТІК МЕДИЦИНА

Астана Орталық Азиядағы жетекші репродуктивтік медицина орталығы мәртебесіне ие. Жоғары нәтижелілік көрсеткіші, заманауи эмбриологиялық зертханалар және емнің қолжетімділігі елорданы шетелдік пациенттер үшін тартымды етеді. Мәселен, 2025 жылдың алғашқы 9 айында ғана «Экомед» клиникасының елордалық филиалына 102 шетелдік пациент жүгінді. Өтініштер саны бойынша алғашқы үштікте Ресей, Қытай және Қырғызстан тұр.

ОРТОПЕДИЯ, ТРАВМАТОЛОГИЯ ЖӘНЕ РЕАБИЛИТАЦИЯ

Елорда клиникалары жоғары дәлдікпен және тіндерді барынша сақтай отырып операция жасауға мүмкіндік беретін роботтандырылған хирургиялық жүйелерді, навигациялық технологияларды және аз инвазивті әдістерді енгізіп жатыр. Осының нәтижесінде пациенттер тезірек сауығып, стационарда аз уақыт өткізеді және күнделікті белсенділіктеріне жылдам оралады. Шетелдік пациенттерді әсіресе буын эндопротездеу бағдарламалары, артроскопиялық операциялар, спорттық жарақаттарды емдеу және қалпына келтіру курстары қызықтырады.

«Мен тізе буындарының екеуіне де эндопротездеу жасату үшін Якутиядан Астанаға келдім. Өте уайымдадым, бірақ алғашқы минуттардан-ақ қамқорлық пен кәсібилікті сезіндім. Операция сәтті өтті, қалпына келу де тез жүріп жатыр. Маған қайтадан ауыртпай жүру мүмкіндігін сыйлаған дәрігерлер мен клиникаға алғыс айтамын» деп бөлісті Якутиядан келген пациент Анна.

СТОМАТОЛОГИЯ, ОРТОДОНТИЯ ЖӘНЕ ПЛАСТИКАЛЫҚ ХИРУРГИЯ

Стоматологиялық және эстетикалық медицина – Астанадағы медициналық туристер арасында ең сұранысқа ие бағыттардың бірі. Мұның себептері анық: заманауи жабдықтар, қызмет сапасының жоғары болуы және Еуропа мен Таяу Шығыс елдеріне қарағанда әлдеқайда қолжетімді бағалар, сонымен қатар сапаның сақталуы.

Елорда клиникалары кең ауқымды қызметтер ұсынады:

Эстетикалық стоматология, имплантация және протездеу;

Заманауи элайнерлер мен цифрлық жоспарлау жүйелерін қолданатын ортодонтия;

Ринопластика, блефаропластика, липомодельдеу және реконструктивтік операцияларды қамтитын пластикалық хирургия.

Көптеген шетелдік пациенттер консультацияларды, хирургиялық араласуды және отадан кейінгі бақылауды қамтитын кешенді пакеттердің қолайлылығын атап өтеді. Қалпына келудің қысқа мерзімдері мен мамандардың жоғары біліктілігінің арқасында бұл бағыттар елордадағы медициналық туризмнің ең сұранысқа ие салаларының біріне айналып отыр.

ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ-ТУРИСТІК ӨНІМ: «АСТАНАНЫ ЖАҢАША КӨР»

Astana Tourism компаниясы Astana Vision клиникасымен бірлесіп, туристерге елордаға сапарды көздің кәсіби диагностикасымен және көруді түзету процедураларымен үйлестіруге мүмкіндік беретін жаңа туристік өнімді іске қосты. Астанаға емделу мақсатында келмеген туристердің өздері де тез арада тексеруден өтіп, лазерлік көруді түзету немесе басқа да процедураларды сапарын өзгертпестен жасата алады. Бұл өнімді қолжетімді, ыңғайлы әрі қала қонақтарының кең тобы үшін ерекше тартымды етеді.

Жаңа бағыттарды ашып, инновацияларды енгізіп, шетелдік қонақтарға қолайлы сервистерді дамыта отырып, Астана өңірдің жетекші медициналық хабы ретіндегі мәртебесін нық қалыптастырып келеді. Қала сапалы медицина, технологиялық даму және қонақжайлықтың үйлесе жұмыс істей алатынын көрсетіп отыр. Нәтижесінде Қазақстан астанасына сапар тек жарқын туристік тәжірибе ғана емес, сонымен бірге күрделі денсаулық мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін тиімді таңдау болып отыр.

АИТВ-ИНФЕКЦИЯ: АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ

АИТВ-инфекциясының таралу қарқынына қатысты алаңдаушылық сақталып отырған жағдайда жеке қорғану шараларын және диагноз расталған жағдайда әрекет ету алгоритмін талқылау ерекше маңызды. Қазіргі медицина вирус жұқтырудың алдын алу мен АИТВ-пен өмір сүретін адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға арналған тиімді құралдарға ие. Бүгінгі таңда АИТВ-инфекцияның алдын алу – вирустан қорғанудың ең тиімді тәсілдерінің бірі.

Жыныстық жолмен жұғудың алдын алу.

Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) бар дене сұйықтықтары (қан, шәует, қынап бөлінділері) сау адамның ағзасына енген жағдайда ғана жұғады. Көп жағдайда бұл жыныстық қатынас кезінде орын алады. АИТВ жұқтыру қаупін төмендету үшін келесі ұсынылады: жыныстық қатынас кезінде ерлер немесе әйелдер презервативтерін қолдану; АИТВ және басқа да жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға тестілеуден өту. Жастар арасында ақпараттық жұмыс жүргізу, презерватив қолданудың маңызын түсіндіру өте маңызды. Жас ұрпақ аурудың қалай жұғатынын және АИТВ-инфекциясынан қалай сақтануға болатынын толық білуі тиіс.

Қауіп тобындағы адамдар үшін және ықтимал қауіпті байланыстан кейінгі алдын алу шаралары да бар: жанасуға дейінгі профилактика (ЖКП) және жанасудан кейінгі профилактика (ЖКП). Бұл антиретровирустық препараттарды арнайы қабылдау сызбасы, олар инфекцияның алдын алуға көмектеседі.

Қан арқылы жұғудың алдын алу.

Инъекциялық есірткі қолданатын адамдар арасында АИТВ жұқтыру қаупі бірнеше есе жоғары. Тек стерильді құралдарды пайдалану өте маңызды. Біздің елде инъекциялық есірткі қолданатын тұлғалар арасында парентералды жолмен берілудің алдын алудың тиімді шараларының бірі – «зиянды азайту» бағдарламасы.

Зиянды азайту – есірткі қолданудың жағымсыз салдарларын (АИТВ-инфекция, туберкулез, вирустық гепатиттер) төмендетуге бағытталған кешенді шаралар.

АИТВ-ның вертикалды жолмен берілуінің алдын алу.

Алдын алудың ең маңызды бағыттарының бірі – АИТВ-ның анадан балаға берілуін болдырмау. АРВ-препараттар АИТВ-ның анадан балаға берілуін алдын алуға да қолданылады.

АИТВ-пен жүкті әйелдерді ерте анықтау және нәрестенің жұқтыруының алдын алу үшін жүкті әйелдер есепке алынғанда және жүктіліктің 28-30 аптасында міндетті АИТВ тестінен өтеді. Сонымен қатар, перзентханаға екі рет талдау тапсырмаған немесе соңғы талдауы босануға дейін 3 аптадан ертерек жасалған әйелдер де тексеріледі.

Алдын алудың негізгі шаралары қарапайым, бірақ өте маңызды.

АИТВ ағзаға енген сәттен бастап ЖИТС-қа тән қосымша аурулар дамығанға дейін 10-12 жыл өтуі мүмкін. Осы уақыт ішінде жұқпалы ауру төрт кезеңнен өтеді және иммундық жүйені толық әлсіретеді. Өкінішке қарай, көптеген адамдар дәрігерге кеш жүгінеді, диагноз қосымша аурулар пайда болған кезде қойылады.

Уақытылы ем басталған жағдайда АИТВ жұқтырған адамдардың өмір сүру ұзақтығы сау адамдармен бірдей. Сондықтан ауруды дер кезінде анықтап, терапияны ерте бастау өте маңызды.

Бүгінгі күні АИТВ-инфекциясын толық емдеу әдісі жоқ. АИТВ-мен ауыратын науқастарға вирустың ағзада көбеюін тежейтін антиретровирустық препараттар тағайындалады. Антиретровирустық терапияның (АРТ) заманауи режимдері вирусты толығымен жоймайды, бірақ иммундық жүйені нығайтады және басқа инфекцияларға қарсы тұруға көмектеседі. АРВ препараттарын күнделікті және өмір бойы қабылдау керек. Мұндай терапия вирустық жүктемені азайтады, бұл симптомдардың жойылуына әкеледі және АИТВ-мен ауыратын адамдарға толыққанды және салауатты өмір сүруге мүмкіндік береді. Егер адам АРТ алып, қандағы вирустың анықталмайтын деңгейіне жетсе, ол АИТВ-ны жыныстық серіктестеріне берілмейді. АИТВ-мен өмір сүретін жүкті әйелдер антиретровирустық препараттарға мүмкіндігінше ертерек қол жеткізіп, емдеуді бастауы керек. Бұл ананың денсаулығын сақтауға көмектеседі және жүктілік, босану немесе емшек сүтімен емізу кезінде нәрестеге АИТВ жұқтыру қаупін айтарлықтай төмендетеді.

Халықты шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету және медициналық қызметке деген сенімді нығайту – алдын алу мен емдеудің тиімділігін арттыратын негізгі факторлар.

Есіңізде болсын: денсаулық – өз қолыңызда. Өз статусыңызды біліңіз, өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін сенім телефондарына қоңырау шалуға болады: 38-04-64, 38-07-02 немесе АИТВ орталығының ресми сайтындағы материалдармен танысуға болады: https://www.kazaids.kz.

Г.САКУПОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК эпидемиолог-дәрігер

№148 (4892) 16/12/2025 Сейсенбі

СМАҒҰЛТАНУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Елордада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, публицист Смағұл Сәдуақасұлының туғанына 125 жыл толуына арналған «Смағұл Сәдуақасұлы және заманауи білім беру құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Оқу-ағарту министрлігі, Астана қаласының Білім басқармасы, қалалық Әдістемелік орталығы ұйымдастырған іс-шараның мақсаты – заманауи білім берудегі басқарудың жаңа модельдері мен өзекті мәселелерін талқылау, Смағұл Сәдуақасұлының еңбектеріндегі Алаш ұлттық идеясын насихаттау, жүйелі зерттеулер тиімділігін оқу үдерісінде қолдану, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен рухани және мәдени тұтастық идеясын ашу болды.

Жиынға отандық және шетелдік ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамы, орта білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарлары, тарих пәні мұғалімдері мен жас ғалымдар қатысты. Олардың арасында елімізбен қатар Түркия, Ресей, Моңғолия, Қырғыз Республикасынан келген ғалымдар болды. Атап айтқанда, ҰҒА академигі, Ұлттық құрылтай мүшесі, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы, белгілі ғалым, қоғам қайраткері, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жобалық кеңсесінің басшысы Сабыр Қасымов, тарихшы Саят Баймұратұлы салиқалы әңгіме қозғады.

Конференция барысында ғылыми жиын өткен Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназияның алдында Алаш қайраткерінің кеуде мүсінін ашу салтанаты ұйымдастырылды. Жиында «Смағұл Сәдуақасұлының қоғамдық-саяси қызметі және Алаш ұлттық идеясы», «С.Сәдуақасұлы мұрасы және заманауи білім берудегі басқарудың жаңа модельдері», «Алаш қайраткерлері еңбегі және қазіргі орта білім беру мәселелері», «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы және Смағұл Сәдуақасұлы еңбектеріндегі рухани-мәдени тұтастық идеясы», «Смағұлтану» зерттеу еңбектерін білім беру үдерісінде интеграциялау: ЖИ мүмкіндіктері» бағыттарында пікірлер айтылды. Смағұл Сәдуақасұлының ағартушылық идеяларының қазіргі білім беру жүйесімен үндестігі талқыланып, ұлттық құндылықтарға негізделген білім берудің өзекті бағыттары ұсынылды. Қатысушылар заманауи мектепте ұлттық-рухани құндылықтарды оқыту әдістері, цифрлық білім беру мүмкіндіктері және педагогтердің кәсіби дайындығын күшейту жолдары жөнінде тәжірибе алмасты.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



ЖҰЛДЫЗ БОЛУҒА АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Елордада жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың шығармашылық әлеуетін қолдауға бағытталған «Жұлдыз болғым келеді» республикалық вокал байқауының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті. Іс-шара Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің және «El Umiti» корпоративтік қорының қолдауымен ұйымдастырылды.

Бұл жоба домбырашы, блогер, «100 жаңа есім» жобасының қатысушысы Алексей Лодочниковтың бастамасымен қолға алынды. Жобаның басты мақсаты – әлеуметтік осал топтардағы балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және олардың танылуына мүмкіндік беру. Оған еліміздің барлық өңірінен 170 бала қатысты. Оффлайн кезеңі Астана, Алматы қалаларында, Абай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында сәтті өтті. Ал басқа өңірлерден келген балалар іріктеу кезеңіне онлайн қатысуға мүмкіндік алды. Нәтижесінде 40 қатысушы финалға өтті. Елордаға келген балалар шешендік өнерден дәріс алып, Ұлттық музейді, кинотеатрлар мен отбасылық демалыс орталықтарын аралады.

Ал жас әншілердің өнерін қазылар алқасы құрамындағы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Айжан Нұрмағамбетова, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Әлібек Әлмадиев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлнұр Оразымбетова бағалады.

«Көптеген қатысушы үшін бұл – үлкен сахнадағы алғашқы қадам, елордаға алғашқы сапар, арманына жету жолындағы маңызды белес. Біз жас таланттардың қабілетін ашуға, олардың жұлдызын жарқыратып, адамдарға қуаныш сыйлауға бағытталған бастамаларды әрқашан қуана-қуана қолдауға дайынбыз» деді марапаттау салтанатында Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова.

Гала-концерт барысында финалға шыққан жас өнерпаздар өнерлерін көрсетті. Жеңімпаздар «Соло» және «Дуэт» аталымдары бойынша, сондай-ақ жас ерекшелігіне қарай орта және жоғары санаттар бойынша анықталды. Барлық қатысушыларға сыйлықтар таратылды. Ал бас жүлдені алғандар Дубайға сапар жолдамасына ие болды. Бұл – Ерасыл Өскенбаев (Түркістан облысы), Никита Дерксон, Злата Криулько (Қостанай облысы), Руслан Шолленберг (Ұлытау облысы).

«Мен дәл осындай байқау өткізуді армандадым. Балалар үйінің түлегі ретінде әр баланың өзіне сенуі, талантын ашуы және арманға жетуге деген сенімділігі қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Бұл жоба – жай ғана сайыс емес, жас таланттарды шабыттандыру, оларға өз дауысының бағалы екенін сезіндіру мүмкіндігі» деді жобаның бастамашысы Алексей Лодочников.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ҚАРСЫ АЛДЫ

Астананың халықаралық әуежайында Біріккен Араб Әмірлігінде өткен жасөспірімдер арасындағы V Азия Пара ойындарының жеңімпаздарын қарсы алу салтанаты өтті.



Төрт жылдықтың кешенді жарысында еліміздің намысын 9 спорт түрінен 60 отандасымыз қорғап, 68 медаль жеңіп алды. Оған Астана қаласының спортшылары қатысып, жеңіс тұғырынан көрінді. Атап айтқанда, пара пауэрлифтинг сайысында Вазир Надыров 59 кг салмақ дәрежесінде 115 кг үздік үштікке еніп, қола медаль иеленді. Қуаныш Рахатұлы 54 кг салмақ дәрежесінде 107 кг нәтижемен пара пауэрлифтингтен қола жүлдеге қол жеткізді. Пара үстел теннисінен аралас жұптық сында елордалық Алтынай Ержанқызы Эли Махұлбековпен бірге алтын медаль жеңіп алды. Ал жекелей сында Алтынай қола медаль иеленді.

Пара жүзуден қатысқан екі бірдей астаналық спортшы да жеңіс тұғырынан көрінді. Аделья Қалиева пара жүзуден жасөспірімдер арасындағы V Азия Паралимпиада ойындарының төрт дүркін алтын жүлдегері атанды. Ол 12-15 жас санатында өнер көрсетіп, төрт түрлі қашықтықта жеңіске жетті: Бұл – 200 м кешенді жүзу, 100 м еркін стиль, 400 м еркін стиль, 50 м еркін стиль. Ал пара жүзуші Әли Тұрғанбеков 17-18 жас санатында сынға түсіп, бір алтын және екі күміс медаль иеленді. Ол мына қашықтықтарда жүлдегер атанды: 100 м брасс – алтын медаль, 100 м еркін стиль – күміс медаль, 100 м шалқалап жүзу – күміс медаль. Осылайша, Жасөспірімдер арасындағы Азия Паралимпиада ойындарының қорытындысы бойынша Астана қаласының спортшылары 6 алтын, 3 күміс және 3 қола медаль еншіледі.

КӨКШЕТАУДА ТОП ЖАРДЫ

Көкшетауда Тәуелсіздік күніне орай Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары арасында өткен республикалық спорт фестиваліне қатысқан астаналық зейнеткерлер топ жарды.



Республикалық деңгейдегі жарыста Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының намысын 18 адамнан құралған команда қорғады. Турнир екі күнге созылып, бес спорт түрі бойынша өтті. Атап айтқанда, тоғызқұмалақ, шахмат, үстел теннисі, асық ату, бес асық және спорттық билер.

Жарыс қорытындысы бойынша астаналық зейнеткерлер келесі жүлделі орындарға ие болды:

Асық ату: 1 сақа – 4-орын: Жетіген Сәрсебаев.

2 сақа – 1-орын: Серік Райымбаев.

3 сақа – 2-орын: Ілияс Әбілғазинов.

Шахмат: 2-орын – Гүлжан Көшкіншінова.

Тоғызқұмалақ: 3-орын – Гауһар Жанабаева.

Үстел теннисі: 2-орын – Берік Тоқтамысов.

Бес асық: 2-орын – Бақытгүл Байымбетова.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 148

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР